


*Семей Мемлекеттік медицина
Университетінің «Салауат»
Дебат Клубының Жарғысы.*




І Бөлім. Жалпы ережелер.

- ❖ *1. «Салауат» дебат клубы - ораторлық, лидерлік, қасиеттерді дамытып, студенттердің ұйымдастырушылық қабілеттерін арттыруға бағыттайтын, студенттік жастар бірлестігі болып табылады.*
- ❖ *2. «Салауат» дебат клубы Семей Мемлекеттік Медицина Университетінің Өзін - өзі басқару ұйымының толық құқықты мүшесі болып табылады және өзінің қызметін осы ұйымның келісімімен жүзеге асырады.*




- ❖ 3. «Салауат» дебат клубы Университет және одан тыс деңгейде ұйымдарға кіруге және шығуға құқылы.
- ❖ 4. «Салауат» дебат клубы тіркелгеннен бастап қызмет ете бастайды, жұмыс істеу мерзімі шексіз (12-бөлімге сай тоқтатылуы мүмкін)
- ❖ 5. «Салауат» дебат клубы өзінің реквизиттары мен символикаларына ие бола алады




II Бөлім. Клубтың мақсаттары, міндеттері және бағыттары

- *А. Клубтың негізгі мақсаты - студент жастардың арасында ойын нақты жинақтап, жеткізе білуді дамыту және жалпы студент жастарды белсенді болуға тарту болып табылады.*
- *В. Клубтың міндеттері:*
 - *Логиканы, терең ойлануды дамыту;*
 - *Ұйымдастырушылық қабілетті дамыту;*
 - *Интеллектуалды ойлауды дамыту.*




- *С. Клубтың негізгі бағыттары:*
 - интеллектуалды ойлауды дамыту;
 - салауатты өмір салтын дамыту;
 - сыбайлас жемқорлықпен күресті дамыту;
 - студент жастардың қызығушылықтары мен құқықтарын қорғау;
 - патриоттық сезімді дамыту;




III Бөлім. Клубтың жіктелуі

- *Клуб - кандидаттардан, клуб мүшелерінен және клуб белсенділерінен тұрады.*
- *Кандидаттар клуб ұйымдастыратын іс шараларға 5 айға дейін қатысып жүрген немесе 3 жиналыс қатарынан келмеген азаматтар немесе азаматшалар.*
- *Клуб мүшелері клуб іс шараларына 5 ай қатысып ант қабылдаған азаматтар не азаматшалар.*
- *Клуб белсенділері:*
 - *Клуб президенті*
 - *Клуб координаторлары;*
 - *Бас тренер;*
 - *Клуб администраторы; (менеджері)*




- *Жоғарғы лиганың координаторы;*
- *Жоғарғы лиганың координаторы орынбасары немесе орынбасарлары (тренерлар);*
- *Жаңа лиганың координаторы;*
- *Жаңа лиганың координаторы орынбасары немесе орынбасарлары(тренерлар);*
- *PR-менеджер*
- *IT-менеджер*
- *Қазынашы (шаруа менеджері)*
- *Хатшы*
- *Даму менеджері*
- *Мәдениет менеджері*



IV Бөлім. Клуб белсенділерінің және мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

❖ А. Клуб белсенділерінің құқықтары мен міндеттері.

- Президент клубты басқаратын адам болып табылады, өз ойын айтып ұсынуға құқылы, кезекті және кезексіз жиналыс өткізуге, ойындарға квота бөлуге, клубта өзгерістер жасауға; клубтың атынан жауап беруге құқылы. Клуб белсенділерімен сайланады және ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб белсенділерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.*



Лидер(координатор)


өз лигасын

басқаратын адам болып табылады, өз ойын айтып ұсынуға құқылы, кезекті және кезексіз жиналыс өткізуге, клубта өзгерістер жасауды ұсынып, оған дауыс беруге; өз лигасының атынан жауап беруге құқылы. Клуб белсенділерімен сайланады және ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб белсенділерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.




- Бас Тренер лигалардың арасында байланысты бақылап отырады, ойыншыларды ойынға дайындау негізгі қызметі болып табылады. Координатор жоқ кезде жауап беретін 1-ші орынбасар болып табылады;

- Лига координаторлары – өз лигасына жауап береді;




- Администратор(менеджер) – университет әкімшілігімен және басқа ұйымдармен байланысты қамтамасыз етеді және барлық менеджерлармен жұмыс істейді. Университеттің өзін өзі басқару ұйымына ұйымның жоспарымен таныстырып есеп беріп отырады. Координатор және бас тренер болмаған кезде жауап беретін 1-ші орынбасар болып табылады. Клуб мүшелерімен сайлау арқылы тағайындалады және ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб мүшелерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.




PR-менеджер - Клубтың университет және одан тыс деңгейде дұрыс насихатталуына жауапты және клуб администраторымен тағайындалады, ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб мүшелерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.

IT-менеджер – техникалық қызметтерге жауапты және клуб администраторымен тағайындалады, ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб мүшелерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.

Қазынашы – клубтың барлық реквизиттерімен барлық материалдық заттарға жауапты, клубтың қорындағы ақшаны жинайды, квартал сайын немесе өз қызметінен кететін кезде есеп береді. Клуб администраторымен тағайындалады және ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб мүшелерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.



- Хатшы – барлық іс - қағаздарға жауапты клубқа тіркеуді және шығаруды жүзеге асырады және клуб администраторымен тағайындалады, ант қабылдағаннан бастап қызметін атқарады. Өзінің жазбаша өтініш жазу арқылы және клуб мүшелерінің өтініші арқылы қызметінен босатылады.
- Клуб белсенділері өз қызметінен кететінін кемінде 2 ай бұрын жазбаша түрде ескертуді керек және өзінің орнына адам дайындап кетуді керек!



Б. 1) Клуб мүшелері құқылы :

- клуб белсенділерін сайлауға және өзі сайлануына

- өз ойын және идеяларын ұсынуға

- клуб белсенділерінен ақпарат алуға


- жолсапарға баруға өтініш беруге

Б. 2) Клуб мүшелерінің міндеттері:

- жарғыны орындау;


- клубтың іс шараларына белсене қатысу;

- клуб белсенділерінің бұйрығын орындау.




V Бөлім. Кандидаттар жайлы.

- ***Кандидаттар(тусовщик) – клуб ұйымдастыратын іс шараларға 5 айға дейін қатысып жүрген азаматтар/азаматшалар немесе клубтың кезекті 4 жиналысына қатарынан келмей кеткендер.***
- ***Құқықтары мен міндеттері:***
 - ❖ ***клуб кандидаттары құқылы:***
 - ***Өз ойын және идеяларын ұсынуға***
 - ***клуб белсенділерінен ақпарат алуға***




VI Бөлім. Клуб жиналысы.

- - *Клубтың жиналысы белгіленген кестемен маусым басталғаннан аяқталғанға дейін болады (қысқы демалыстарды есепке алмағанда). Жиналыс мейрамдарға және басқа да жағдайларға байланысты басқа уақытқа ауыстырылуы мүмкін.*
- *Жиналыс орны – СММУ бас ғимаратында әлеуметтік тәрбиелік жұмыстар орталығы (немесе басқа да аудиторияларда).*




Жиналыстарда клубтың ағымдағы мәселелері қарастырылады және дебат ойындары мен басқа да оқыту семинарлары болады.

- жиналыстың ұйымдастырылуына клуб белсенділері жауапты.
- жиналысқа қонақтарға да қатысуына болады (клуб белсенділерінің рұқсатымен)
- кезекті жиналысқа сырт киіммен қатысуға болмайды.
- кезекті жиналысқа белгіленген киім үлгісімен қатысу керек. Егер осы талаптарға сай келмесе клуб мүшелерінің құқықтары кандидаттардыкімен тең және семинарлық баллдар қосылмайды.




VII Бөлім. Дауыс беру

- *1)Дауыс беру ашық және жабық түрде бола алады.*
- *2)Клуб белсенділерін сайлауға және сайлануға клуб мүшелері мен белсенділері ғана қатыса алады.*
- *3)Лидерді сайлауға клуб белсенділері ғана қатыса алады*
- *4)жарғыны өзгертуге клуб белсенділері ғана қатыса алады және біріңғай келісім болуы тиіс (100%).*
- *5)Дауыс беру клуб белсенділері мен мүшелерінің 2/3 бар болғанда ғана жүзеге асады.*
- *6)Лидер жабық түрде сайланады.*




7) Клуб координаторы өзінің орнынан кететіні жайлы хабарлағаннан кейін клуб координаторлығына кандидаттар өздерінің өтініштерін клуб администраторына жазады. Белгіленген күнге әр кандидат өзінің презентациясын жариялайды. Презентация барысында сұрақтар қойылуы тиіс. Презентациялар, сұрақ жауаптар аяқталғаннан кейін жабық түрде сайлау жүргізіледі. Егер 2 кандидат болса ПДФ форматында ойын көрсетеді. Егер кандидат жалғыз болса дауыс берушілердің $\frac{1}{2}$ нен көбі келіскен жағдайда тағайындалады. Егер кандидат мүлде болмаса клуб администраторы уақытша өзі болады немесе сайлаусыз тағайындайды.




VIII Бөлім. Клубқа мүшелік ету

- ***1) Клубқа Семей Мемлекеттік Медицина Университетінің кез келген студенті немесе кез келген азамат мүше бола алады (клубтан қатаң түрде шығарылып жиберілген болмаса)***
- ***2) Егер де клуб ережелерін сақтамаса немесе клуб атына кір келтірген болса клубтан шығарылады.***
- ***3) Клубқа кіргізу және шығару жиналыста шешіледі***
- ***4) Клубтың іс шараларына 5 ай қатысып ант қабылдағаннан бастап клуб мүшесі болып саналады.***




IX Бөлім. Клубтың қоры.

- *Клуб қорында ақшалай және материалдық заттар болады.*
- *Клуб қорын қазынашы қадағалайды.*
- *Клуб қоры жеке мүддеге қолданылуына болмайды.*
- *Жарнаның 4 түрі бар:*
 - *Ерікті жарна*
 - *Тіркеу жарнасы*
 - *Мүшелік жарна*
 - *Клуб белсенділерінің жарнасы*



Ерікті жарна – кез келген азамат не азаматша клуб қорына ақша өткізуге құқылы. Жарна сомасы шексіз.

- *Тіркеу жарнасы – 1 реттік жарна. Ол жарна клуб мүшелігіне қабылданған кезінде берілетін құжаттар мен заттарға ғана жұмсалуды тиіс. Жарна сомасын клуб администраторы жариялайды.*
- *Мүшелік жарна – клуб мүшелігіне қабылданғаннан кейін әр айдың 1-і күні клуб қорына өткізіліп отыруы тиіс. Жарна сомасы 300 тг.*
- *Клуб белсенділернің жарнасы – клуб белсенділері тағайындалғаннан кейін әр айдың 1-і күні өткізіп отыруы тиіс. Жарна сомасы 200 тг.*




Х Бөлім. рейтинг есептелу жүйесі.


	1 - орын	2- орын	3- орын	Үздік төре- ші	ЛД жеңі мпаз	ЛД фин алис т	¼- 1/8	қаты су	Төре ші- лік
Халықаралық турнир	100	80	50	50	80	50	20	15	15
Республикалық турнир	80	60	40	40	60	40	15	8	10
Аймақтық турнир	40	30	20	20	30	20	8	5	8
Қалалық турнир	30	20	15	15	20	10	6	4	3
Клуб ішкілік турнир	15	10	5	5	10	5	3	2	3



- ✓ *4 аймақтан кем болса Аймақтық, ал 4 не одан көп аймақ болса республикалық болып есептеледі.*
- ✓ *Семинарға қатысу + 1 балл. қатыспау -1 актив **x2****
- ✓ *Турнирда жанкүйер болу + 1 балл актив **x2***
- ✓ *Клуб Ұйымдастырған іс шараға қатысу (қыз сыны жгіт сұлтаны т.с.с., бірақ клубтың атынан) 4 балл актив **x2***
- ✓ *Жартылай төрешілік етсе $\frac{1}{2}$ балл есептеледі*
- ✓ *Турнирға барам деп келмей калу - 5 балл*




- ✓ *Ескерту:*
- ✓ *ЛД 1 орын ең үздік спикермен тең*
- ✓ *Үздік төрешінің балы ең үздік төреші болғанда есептелінеді*
- ✓ *4-кезекті жиналысқа қатарынан келмейтін болса рейтингтан шығарылады*
- ✓ **актив- клуб белсенділері немесе сол ұйымдастырылған іс шараның бас ұйымдастырушысы немесе көмекшісі.*
- ✓ *жаңа лига тренерларына коэффициент $\times 0,2$*
- ✓ *Ай сайын клуб белсенділеріне +10 балл менеджер көмекшілеріне +5 балл*



ХІ Бөлім. Республикалық турнирға жолсапарға және қалалық шектеуі бар турнирларға іріктеудің өткізілу тәртібі:


А. Жалпы ережелер:

- Жолсапарға тек клуб мүшелері мен клуб белсенділері ғана қатыса алады. Сәйкесінше кандидаттар шыға алмайды.*
- Болатын турнирға қатысуы жайлы өтінішті турнир болатын күннен 1 аптадан кем емес уақыт аралығында тренерлар клуб координаторына жазбаша түрде өтініш жазады.*




- *Координатор келесі жүйе бойынша іріктеу жасап өтініштерді қанағаттандырады:*
 - 1 жолсапар (выезд) – 40 иммунитет*
 - жартылай өз ақшасына – 20 иммунитет*
 - толық өз ақшасына – 0 иммунитет**Егер рейтингтағы баллдары тең болса онда сол ойыншылар не фракциялар арасында ойын өткізіледі*
- *Лидер жолсапарға шығу құқығы жайлы:*

- *Лидер рейтингқа катыспайды.*
- *Лидер кез келген жолсапарға шығуға құқылы*
- *Жолсапарға кім шығатынын Лидер шешеді.*



В. Басшы

- Әр жолсапарға жеке сайланады және барлығы келісімін нақтылап қол қояды.***
- Сайланған адам болмаса жасы немесе статусы бойынша келесі тұрған адам болады.***
- Қатысушылар барлық іс-әрекеттерін басшымен ақылдасып істейді.***
- Қатысушылар басшыға бағынуға міндетті!***
- Егер белгілі бір себептермен қатысушыға кету керек болса, міндетті түрде басшының рұқсатын алу керек және жазбама қолхат өткізеді. (Бұл пункт тек 2 және одан жоғары курсқа байланысты! 1 курсқа қатысы жоқ!)***



Г. Басшының міндеттері мен құқықтары:


- Жолсапар бойынша есеп жүргізуге міндетті;*
- Қатысушыларды қадағалауға міндетті;*
- Турнирдің эффективті нәтижесіне жауапты;*
- Бюджетке толығымен жауапты;*
- Қатысушыларды қатыстырмай қоюға құқылы.*

Д. Басшы өз қызметін орындамаса:

- Қызметінен алынып тасталынады
(Қызметін орындап орындамағанын клуб
координаторы ғана шешеді)*
- Басшы ауысуы координатор шешімімен.*


Е. Қатысушылар талапты орындамаса:

- 365 күн жолсапарға шықпайды;*
- ақшаны қайтарады.*



Ж. Жолсапарға шұғыл таңдау

- Жолсапар туралы жариялау;*
- Белгілі бір уақытта өз қалауымен тіркелу;*
- Қатысушыларды рейтинг бойынша іріктеу;*
- Басшы тағайындау;*
- Қатысушыларды нақтылау.*



XII Бөлім жарғыға өзгертулер енгізу және клубтың қызметінің тоқтатылуы

- Клуб белсенділерінің келісімімен жарғыға өзгерістер енгізілу мүмкін (дауыс беру 100% болуы шарт)*
- Клуб қызметінің тоқтатылуы келесі жағдайларда болуы мүмкін:*

- ✓ Оқу орны қызметін тоқтатқан кезде;*
- ✓ Оқу орнына елеулі түрде жаман әсер еткенде;*
- ✓ Клуб атын немесе мақсаттарын өзгерткен кезде;*

Клуб жабылған кезде клубтың материалдық заттары мен реквезиттері клуб мүшелеріне бөлініп берілмейді.

